асылы	модаль сөз

8. Шылаулар

8.1. Септеуліктер

үшін	шылау
дейін	шылау
шейін	шылау
туралы	шылау
соң	шылау

сайын	шылау
арқылы	шылау
жуық	шылау
қарай	шылау
гөрі	шылау
шақты	шылау
таман	шылау
тарта	шылау
қатар	шылау
байланысты	шылау
жөнінде	шылау
шамалы	шылау
қабат (қоса)	шылау
жайында	шылау
жайлы	шылау
қаралы	шылау
салым	шылау
мәрте	шылау
қоса	шылау

8.2. Ыңғайластық

мен/бен/пен	шылау
және	шылау
әрі	шылау
да/де/та/те	шылау

8.3. Қарсылық мән беруші

бірақ	шылау
алайда	шылау
дегенмен	шылау
әйткенмен	шылау
әйтсе/әйтпесе	шылау

8.4. Талғаулықты

не/немесе	шылау
бірде	шылау
әлде	шылау
біресе	шылау

болмаса/не болмаса шылау

8.5. Себеп-салдар

себебі шылау

сондықтан шылау

өйткені шылау

сол себепті шылау

сол үшін шылау

8.6. Сұраулық

ма/ме/ ба/ бе/ па/ пе/ шылау

ше

ақ/-ай/-ау шылау

8.7. Шектік

ғана/қана шылау

тек шылау

8.8. Болжалдық

-мыс/ -міс шылау

8.9. Болымсыздық, қарсы мәнді

түгіл шылау

тұрсын/тұрмақ шылау

екеш шылау

8.10. Нақтылық мән беруші

қой/ғой шылау

9. Одағайлар

алақай одағай

мәссаған одағай

ғажап одағай

бәрекелді одағай

масқара одағай

япырмай/япырай одағай

ойпырым-ай одағай

әттең/әттеген-ай одағай

шіркін/шіркін-ай одағай

ей/эй/ой одағай

е одағай

пай/пах

ау

оһо

беу

одағай

одағай

одағай

одағай

10. Еліктеу

абыр-сабыр еліктеу

салдыр-гүлдір еліктеу

бұрқ-сарқ еліктеу

гүрс еліктеу

тарс еліктеу

дүрс еліктеу

жалт-жұлт еліктеу

қалт-құлт еліктеу

дүңк еліктеу сөз

шың еліктеу сөз

шыр еліктеу сөз

тырс еліктеу сөз

мүлт еліктеу сөз

лап еліктеу сөз

11. Көмекші сөздер

арты көмекші сөз

алды көмекші сөз

арасы көмекші сөз

жаны көмекші сөз

асты көмекші сөз

үсті көмекші сөз

іші көмекші сөз

сырты көмекші сөз

қасы көмекші сөз

басы көмекші сөз

соңы көмекші сөз

жаздау көмекші сөз

қылу көмекші сөз

ету көмекші сөз

е (еді/ екен) көмекші сөз

ФРАЗАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР

Фраза	Түсінігі
айдай аузы, күндей көзі бар	әдемі
ақыл тоқтату	ер жету, есею
алақанына салу	мәпелеу, бағып-қағу
апама жездем сай	ұқсастық
арам тер болу	босқа әурелену
арасынан қыл өтпеу	өте тату, дос
арқа сүйеу	сену
ары таза	кінәсі жоқ
ас қайыру	бата жасау
астан-кестенін шығару	бүлдіру
асты-үстіне түсу	сыйлау
ат тонын ала қашу	қашу
атағы жайылу	танымал болу
атсалысу	көмектесу
аузы мұрнынан шығу	көп
аузын ашу	таңғалу
ауыз тию	тамақ жеу
аяғын шалыс басу	қателесу
аяқ астынан	кенет
баға жетпеу	өте құнды
бағы ашылу/жану	өмірде сәттілік болу
бармағын тістеу	өкіну
бас изеу	келісу
бас тарту	келіспеу
бас шайқау	келіспеу, таңғалу
басын айналдыру	ойын, жоспарын бұзу
басын айналдыру	көндіру
басына су құю	бірденені жұмсау, құрту
басынан сөз асырмау	қарсылық көрсету
бауырына басу	асырап алу
бесаспап	эмбебап
бой түзеу	есею, ер жету
ғайып болу	жоғалу
дегеніне жету	мақсаты орындалу
дәмі тіл үйіреді	дәмді
дәм-тұзы жараспау	бірге тұра алмау

дүниеге келу	туу, жаратылу
дүниеден өту	өмірден өту
егіздің сыңарындай	ұқсас
екі езуі екі құлағына жету	қуану
екі кештің арасы	кешкі уақыт
екі көзі төрт болу	қорқу, абдырау
екі қолға бір күрек	жұмыс табу
екіжүзді	өтірікші
енші алу	бөлек үй болу
ет жақыны	туыс
әңгімесі жарасу	бір-бірін түсіну
жаза басу	қателесу
жаны ашу	аяу
жатып ішер	жалқау
жер мен көктей	ұқсамау
жерден алып, жерге салу	ұрсу
жоқ қылу	құрту
жолы болу	ойы іске асу
жолын кесу	қастандық жасау
жүйкесі тозу	шаршау, күйзелу,
жүрек жұтқан	батыл, батыр
жұлдызы қарсы келу	өш, қас
жұлдызы оңынан туу	жолы болу
жылы сөйлеу	қолдау
жынына тию	ашуландыру
іші пысу	зерігу, жалығу
кесірі тию	жамандық жасау
кеудесіне нан пісу	менсінбеу
кеш қалу	үлгермеу
көз жұма қарау	елемеу
көз салу	ескеру
көз тию	ауыру, ісі жүрмеу
көзге ілмеу	елемеу
көзге түсу	елену
көзді ашып-жұмғанша	тез, жылдам
көзі ашық	білімді
көзі ашылу	анығына жету, сергу
көзі түсу	ұнату
көзін жою	жоғалту, өлтіру

көмек беру	көмектесу
көңіл айту	қолдау
көңіл сұрау	қамқорлық
көңілі көтерілу	қуану
көңілі қалу	ренжу
көңілі түсу	қамығу
көңіліне қарау	абайлау
көре алмау	қызғану
күн ұзақ	күні бойы
қабак шыту	ашулану
қара бет болу	ұялу
қарсы келу	келіспеу
қас пен көздің арасы	тез
қол беру/қол алу	амандасу
қол жалғау	жақын тұрған адамға бір нәрсе беріп жіберу
қол созым жер	алыс емес
қол ұшын беру	көмектесу
қолды болу	ұрлану
қолқа салу	сұрау
қолы ашық	жомарт
қолы тимеу	бос болмау
қолы ұзару	көмекші табу
қолынан келу	істі жасай алу
қошемет көрсету	құрметтеу
қоян жүрек	қорқақ
құр қалу	еш нәрседен үлес ала алмау, бос қалу
құр сүйегі қалу	арықтау
құстай ұшу	жүгіру
қызыл тіл	шешен
қысым көру	басқа адамнан қиындық көру
маңдай тер	еңбек
мінезі ауыр	салмақты
мұрттай ұшу	ауырып қалу
наразы болу	ренжу
нәр сызбау/татпау	тамақ ішпеу
ойда жоқта	кенеттен, лезде, бірден
оң көзбен қарау	келісу
от басу	қателесу

от жағу	арандату
от салу	шағыстыру
отау тігу	үйлену
отқа май құю	шағыстыру
өз қолы өз аузына жету	ержету
өзі би, өзі қожа	не істесе де, өзі білу
сәлемі түзу	дұрыс қарым-қатынас
сәті түсу	дәл уақыт
сөз беру	уәде
сөз қайтару	ерегесу
сөз салу	ұсыныс жасау
сөзін сөйлеу	жақтасу
су жүрек	корқақ
су тегін	арзан
судай сіңіп, тастай бату	сіңісу
судан таза, сүттен ақ	адал
сырт көз	бөгде кісі, жат
таңды көзімен атыру	ұйықтамау
тас жүрек	қатал
таяқ жеу	жәбірлену
тәбеті тартпау	тамақ іше алмау
тіл алу	тыңдау
тіл табысу	жақсы қарым-қатынас
тіл тигізу	балағаттау
тілін тістеу	үндемей қалу
төбесі көкке жету	қатты қуану
тұла бойы тұңғышы	бірінші бала
удай қымбат/бағасы удай	өте қымбат
шаңырақ көтеру	үйлену
айрандай үю	тату
алауыз болу	араздасу
арқаны кеңге салу	асықпау
арқасынан қағу	мақтау
ат ізін салмау	келмеу
аяқ баспау	бармау
аяққа жығылу	кешірім сұрау
бас ию	құрметтеу
бас көтеру	ереуілге шығу
бас сұғу	кіру

беті қайту	қайталамау
білек сыбана кірісу	жұмысқа белсенді араласу
екі ағын бір етікке тығу	мәжбүрлеу
есін жию	өз-өзіне келу
етек алу	өршу, өрбеу, даму
жағадан алу	ұру, төбелесу
жағасын ұстау	таңқалу, тандану
жағы талу	сөйлеуден шаршау
жаны ашу	аяу, мүсіркеу
жаны көзіне көріну	қатты ауыру, қиналу
жанын жегедей жеу	қиналу
жер болу	ұялу
жерге кіріп кете жаздау	ұялу
иек қағу	ишара білдіру
іші күйю	көре алмау, қызғану
іші сезу	бірнәрсенің болуын білу, болжау
кірпідей жиырылу	жақтырмау
көз жасын көл қылу	қайғыру, жылау
көз шырымын алу	ұйықтап алу
көзі талу	шаршау
көңілге кірбің түсіру	ренжіту
қабағынан қар жауу	ашулану
қол алысу	келісу, уәделесу
қол бұлғау	шақыру
қол көтеру	ұру, соғу
қол сұғу	араласу
қолы жүру	сәті түсу, сәтті болу
қырғи қабақ болу	ұрсысу, соғысу
мезі болу	шаршау
миы қату/ашу	не істеді білмеу
міз бақпау	өзгермеу
өңі кету	сырқаттану
тағаты таусылу	шыдамау
тап болу	кездесу
тер төгу	еңбектену
тон пішу	жобалау
ұйқы басу	ұйқысы келу
шырқын бұзу	мазасын кетіру

РЕЗЕРВ СӨЗДЕР

абонемент	антропология	бариста	вахта
абонент	аншлаг	бармен	вектор
аванс	апелляция	баскетбол	велосипед
авиация	апельсин	бассейн	вирус
автобус	аппарат	батарея	виски
автомат	аппаратура	батут	вокал
автор	апробация	бензин	волейбол
автосалон	арена	бизнес	вольт
автосервис	археология	билет	газ
академик	аспирин	бильярд	газет
академия	ассистент	биология	газон
аккредитация	ассоциация	биосфера	галерея
аккумулятор	астрология	биржа	галстук
акробат	астрономия	блок	гамак
аксесуар	атлетика	бокс	гамбургер
аксиома	атмосфера	бомба	гантель
акт	атом	бордюр	гараж
актив	атрибут	браузер	гардероб
акула	аудит	брифинг	гарнир
акцент	аудитория	брокер	гастроль
акционер	аукцион	бронь	гектар
акция	афиша	буклет	ген
аллергия	бактерия	букмекер	география
амбулатория	баланс	бургер	геология
амфитеатр	балерина	бутерброд	гигиена
ананас	балет	буфер	гимнастика
анатомия	балкон	бухгалтер	гипс
анекдот	бальзам	бюджет	гитара
анимация	бамбук	вагон	глоссарий
аннотация	банан	ваза	гольф
ансамбль	банк	вакуум	горилла
антенна	банкнот	вальс	гормон
антибиотик	банкомат	валюта	градус
антивирус	банкрот	ватт	грамм
антоним	бар	ваучер	грант

грейпфрут	донер	калькулятор	климат
грим	донор	камера	клип
гуманизм	драма	кандидат	клише
гуманитарлық	драматург	капитал	клуб
декан	дрон	капитан	код
деканат	дубляж	капот	колготки
декларация	жалюзи	капрон	колледж
декрет	журнал	капсула	колорит
дельфин	журналист	карамель	комбайн
демография	зал	карантин	комбинат
демократия	идеология	караоке	комедия
дерматолог	идея	каратэ	комендант
детектив	идиома	кардиолог	комиссия
дефектолог	иллюминатор	карта	комитет
дециметр	имидж	картинг	компания
джаз	иммигрант	карточка	композитор
джунгли	иммунитет	каска	компот
дзюдо	импульс	касса	компьютер
диагноз	индекс	каталог	конверт
диалект	инженер	категория	кондитер
диалог	инкассатор	катер	конспект
диаметр	институт	кафе	конституция
диаспора	инсулин	кафедра	конструктор
дидактика	инсульт	кафель	консул
дизайн	интеграция	кашемир	контакт
диктант	интерфейс	квадрат	контейнер
диктор	инфаркт	квартет	контингент
диктофон	инфекция	квас	конференция
динамика	инфрақұрылым	квота	концерт
диплом	ипподром	керосин	коньки
дипломат	йод	киви	коньяк
директор	кабина	килограмм	корпорация
диск	кабинет	кино	корпус
дискотека	кадр	киностудия	корректор
диспетчер	какао	кинотеатр	косметика
дисплей	кактус	кириешки	котлет
диссертация	калория	классика	коттедж

кофе	медаль	опера	портрет
кофеин	медицина	оператор	пост
кран	мессенджер	операция	постамат
кресло	металл	оппозиция	поэзия
кроссовки	метис	оппонент	поэма
круасан	метр	оптика	практика
куб	метро	оптимизм	президент
курс	механизм	оркестр	премьера
лак	микроб	орфография	пресс-конференция
лексика	миллиграмм	орфоэпия	прогресс
лимит	миллиметр	офицер	продюсер
лимон	миллион	офлайн	проза
лимонад	минерал	палата	прокурор
лингвистика	минимализм	пальма	проректор
линза	министр	панда	профессор
линолеум	минут	папка	психиатр
лирика	миссия	паразит	психолог
литр	миф	параллель	психология
лицензия	модель	параметр	публицистика
логика	модем	парик	пункт
логопед	модератор	паркет	пьеса
логотип	молекула	парламент	радиация
локация	монитор	паровоз	радио
ломбард	монография	партер	ребус
лосьон	монтаж	партия	редактор
лоторея	мораль	пианино	режиссер
магистратура	морж	пиджак	рейс
магнит	морс	пингвин	рейтинг
магнитофон	мотор	пирамида	рекорд
макарон	музыка	плакат	ректор
манго	музыкант	планшет	рельс
мандарин	мультфильм	платформа	рентген
марка	нотариус	плацкарт	репертуар
маркер	ноутбук	плащ	ресурс
матч	олимпиада	пломба	реферат
махито	омоним	позиция	реформа
мегабайт	онлайн	полиция/полицей	рецепт

ринг	теория	ферма	центнер
роман	терапия	фестиваль	цех
романтика	термин	физика	цикл
ромб	терминал	филармония	цирк
салат	термометр	филиал	цитрус
сантиметр	терраса	филология	цунами
сарафан	территория	философия	чек
сатира	терроризм	фильм	чемпион
сейф	техника	фильтр	чемпионат
секунд	технология	финал	шаурма
семинар	тираж	фирма	шахмат
сервер	титр	фитнес	шахта
сессия	титул	флюорография	шимпанзе
сигнал	ток-шоу	фобия	шифр
сим карта	том	фокус	шлагбаум
символ	томография	фон	щетка
синоним	торт	форма	эвакуация
синтетика	тонна	форум	эволюция
спам	тонус	фотоаппарат	экипаж
спорт	травматолог	фотостудия	экология
спортзал	трагедия	фуд-корд	экономика
стадион	трамвай	футбол	экран
степлер	транскрипция	футболка	экспедиция
стилист	трансфер	хайп	экспонат
стиль	трек	хакер	экспорт
стратегия	троллейбус	халат	электр
студент	турнир	химия	элемент
студия	ультра	хирург	эмоция
супермаркет	универсиада	хобби	энергия
такси	университет	хоккей	энциклопедия
тагуаж	фабрика	холл	эпизод
театр	фаза	хор	эпос
телескоп	файл	хот-дог	эскалатор
телестудия	факс	хронология	эстафета
телефон	факультатив	целлофан	эталон
температура	факультет	цемент	этнос
теннис	фармацевт	цензура	ядро

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

№	Тақырып	Білім мазмұны	Мысал
Фонетика			
1	Әріп және дыбыс ұғымы	Қазақ тілінің әліпбиі Әріп және дыбыс айырмашылығы	ана (3 әріп, 3 дыбыс) әпке (4 әріп, 4 дыбыс) аю (2 әріп, 3 дыбыс)
2	Буын. Буын үндестігі	Сингармонизм заңдылығы Дауысты және дауыссыз дыбыстар үндестігі	балалар үйлер адамдар елдер ағаштар есіктер
2.1		Сингармонизм заңдылығына бағынбайтын қосымшалар: -кер/-гер; -паз; -хана; Көмектес септігінің жалғаулары: -мен/-бен/-пен; -нікі/-дікі/-тікі; <i>Ескерту: басқа тілден енген сөздер сингармонизм заңына бағынбайды</i>	ардагер өнерпаз дәріхана қаламмен баланікі қыздікі
3	Дауысты және дауыссыз дыбыстар	Орфоэпиялық норма	ала кел (алагел) ішсін (ішшін) отбасы (отпасы) ақ лақ (ағлақ) көкөніс (көгөніс) сенбі (сембі)
Лексика			
4	Сөз. Синоним, антоним, омоним сөздер	Жақын мәнді қарсы мәнді жазылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер	әдемі – сұлу адам – кісі жас – қарт алма, ара, тартпа, бет
4.1	Сөз мағынасы	Тура мағына ауыспалы мағына	Менің қолым ауырып тұр. Сен - менің оң қолымсың.

4.2		Көп мағыналы сөз	Бір үйде бес жан бар. Жаным ашиды.
4.3	Сөз тіркесі	Еркін тіркес тұрақты тіркес	Әдепті бала Қоян жүрек
Сөз таптары			
5	Зат есімнің көптелуі	Көптік жалғаулары: -лар/-лер/-дар/-дер/ -тар/-тер;	Үстелде ыдыстар тұр. Аулада көліктер көп пе? Балалар сабақта отыр. Мына дәптерлер кімдікі? Қағаздар қайда?
5.1		Жұрнақтар: -хана; -шы/-ші;	ас – асхана ән – әнші сату – сатушы оқу – оқушы
5.2		Жұрнақтар: -гер/-кер;	Менің әкем – заңгер. Мен дәрігерге бардым.
5.3		-лық/-лік/-дық/-дік/ -тық/-тік;	жақсылық достық
5.4		Қазақ тілінде зат есімнің нақты саны көрсетілгенде көптік жалғау жалғанбайды	Аулада бес көлік тұр. Айнұрдың үш әдемі қуыршағы бар.
5.5		Көптік мәнді есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды	Су, сүт, сорпа, ұн, қант, күріш, тұз, құм
5.6		Жұрнақтар: -ш; -ыл/-іл; -шылық/-шілік; -паз; -ма/-ме/-ба/-бе/-па/ -пе;	Сәулеш тарсыл адамгершілік өнерпаз тапсырма
5.7		Есімшенің көптелуіндегі ерекшеліктер	Жиналысқа тек шақырылғандар ғана келді. Сатып алғандарым осы.
6	Зат есімнің тәуелденуі	Тәуелдік жалғаулары: I -ым/-ім/-м; -ымыз/-іміз/-мыз/-міз; II -ың/-ің/-ң; -ыңыз/-іңіз/-ңыз/-ңіз; III -сы/-сі/-ы/-і;	Менің атам бар. Біздің әжеміз 80 жаста. Сенің досың бар ма? Сіздің атыңыз кім? Оның әкесі – заңгер.

6.1		Тәуелдік мағына беретін қосымшалар: -нікі/-дікі/-тікі;	Менің кітабым/ кітап <i>менікі</i> Бұл қалам <i>сенікі</i> ме? Мына сөмке <i>Асандікі</i> емес.
6.2		Есімше формалы етістіктің тәуелденуі	Бұл жаңалықты сіздің білгеніңіз дұрыс. Бұл кітапты оқығаным есімде.
7	Жіктік жалғау	Жіктік жалғаулары: I -мын/-мін/-бын/ -бін/-пын/-пін; -мыз/-міз/-быз/-біз/ -пыз/-піз; II -сың/-сің/-сыңдар/ -сіндер; -сыз/-сіз/-сыздар/ -сіздер; III - - -	Мен оқушымын. Біз ақылдымыз. Сен баласың. Сендер барасыңдар. Сіз мұғалімсіз. Сіздер үлкенсіздер. Ол – студент. Олар жастар.
7.1		Көсемше, есімше жіктелуіндегі лексика-грамматикалық мағына	Ол бұл жерге бұрын келмеді. Мен бұл жерге ешқашан келмегенмін (келген емеспін).
8	Септік жалғау	Зат есім, сан есім, есімдіктердің септелуі	Мектепке барасың ба? Сағат төрттен 5 минут кетті. Менде қуыршақ бар.
8.1	Атау септік	Қимылдың иесі Кім? Не? Кімдер? Нелер?	Айгүл сыйлық берді. Үстелде гүл тұр. Балалар аулада жүр. Бақшада ағаштар өсіп тұр.
8.2	Ілік септік	Меншік иесі Кімнің? Ненің? Жалғаулары: -ның/-нің/ -дың/-дің/ -тың/-тің;	Анамның көйлегі Үйдің шатыры Ағаштың жапырағы
8.3		Заттың бөлшегі	Есіктің тұтқасы Орындықтың аяғы Кітаптың беті

8.4		Ай, күн, жыл атауларының берілуі	Наурыздың бесі
8.5		Жасырын келуі	Оқушылар Абай шығармаларын оқыды (Абайдың шығармаларын). Ол кірпіш зауытында жұмыс істейді (кірпіштің зауытында).. Абай көшесі
8.6		Жалқы есім мен жалпы есім қатар келсе, жалқы есімге ілік септік жалғанбайды	Абылайхан университеті Алматы қаласы
8.7	Барыс септік	Іс-әрекеттің объектіге бағыты; уақыт айтқанда қолдану Кімге? Неге? Қайда? Жалғаулары: -ға/-ге/-қа/-ке; -а/-е/-на/-не;	Мұғалімге айт. Сағат беске он минут қалды. Жұмысқа барамын. Марат үйіне қайтты.
8.8		Салыстыру құрылымы	Мен <i>анама</i> қарағанда ұзынмын.
8.9		<i>Дейін, қарай</i> шылауларымен бірге	Оқушылар <i>күзге дейін</i> демалады. Маржан <i>үйге қарай</i> кетті.
8.10		Іс-әрекеттің мезгіл-мөлшері	Астанаға <i>бір аптаға</i> барамын.
8.11		Іс-әрекеттің мақсаты	Концерт тыңдауға келдім.
8.12		Бірыңғай мүшелердегі қолданысы	Ол еліміздің ауылдарына, аудандарына, қалаларына тікелей көмек береді. Ол еліміздің ауыл, аудан, қалаларына тікелей көмек береді.
8.13	Табыс септік	Іс-әрекеттің тура объектісі Кімді? Нені? Жалғаулары: -ны/-ні/ -ды/-ді/-ты/-ті; -н (III жак)	Мен бүгін Айгүлді көрген жоқпын. Теледидарды қос. Мына кітапты оқыңыз. Ол баласын шақырды.
8.14		Нақтылықты көрсетпеген жағдайда табыс септік жалғанбайды	Болат дүкеннен мына <i>кітапты</i> сатып алды/ Болат дүкеннен <i>кітап</i> сатып алды.

8.15		Бірыңғай мүшелердегі қолданысы	Кең даланы, таза ауаны, әдемі табиғатты тек ауылдық жерлерден таба аламыз. Кең дала, таза ауа, әдемі табиғатты тек ауылдық жерлерден таба аламыз.
8.16		Әрекеттің объектілік мағынасын беру (есімше: өткен/келер шақ); тұйық етістік	Біз келгенімізді ескерттік. Басшы жобаны уақытында тапсыруды айтты.
8.17	Жатыс септік	Іс-әрекеттің орны/мекені; іс-әрекеттің мезгілі; адамның жасы; Кімде? Неде? Қайда? Жалғаулары: -да/-де/ -та/-те; -нда/-нде;	Үйде анам бар. Жазда демаламыз. Арман он екі жаста. Менде көп ойыншық бар. Астана қаласында тұрамын.
8.18		Іс-әрекеттің мезгілі (есімше формасында)	Қазақстан халқының саны жыл сайын өсуде.
8.19		Іс-әрекеттің жалғасуы	Балалар келгенде, біз сыйлықтарды табыстаймыз.
8.20	Шығыс септік	Іс-әрекеттің басталған/шыққан орны; уақыт білдіруде қолдану; заттың неден жасалғаны; салыстырмалы мағына; Кімнен? Неден? Қайдан? Жалғаулары: -дан/-ден/-тан/-тен/ -нан/-нен;	Мен үйден шықтым. Сағат оннан бес минут кетті. Үстел ағаштан жасалады. Маржан Сәуледен ұзын. Анамнан ақша алдым.
8.21		Іс-әрекеттің басталу мерзімі	Жұмысшылар таңертеңнен бері тынбай жұмыс істеп жатыр.
		Бір нәрседен алынатын мөлшер	Шабдалыдан бір келі беріңіз.
8.22	Көмектес септік	Іс-әрекет құралы; іс-әрекеттің ортақ субъектісі/ бірлескен әрекет; көлікпен жүру; Кіммен? Немен? Жалғаулары: -мен/-бен/-пен;	Қайшымен қағаз қидық. Мен досыммен киноға бардым. Автобуспен келдіңіз бе? Айдар доппен ойнады.

8.23		Іс-әрекеттің амалы	Ықыласпен тыңдады.
9	Жалпы және жалқы есімдер	Адам аты, тегі, жер-су аттары, газет, мекеме атаулары	Мен Теміртаудан келдім. Бауыржан қашан оянды? Студенттер Абай театрына барды.
Сын есім			
10	Сын есімнің мағыналық түрі	Сапалық сын есімдер	Бұл – қызыл алма.
10.1		Қатыстық сын есімнің жұрнақтары: -лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті;	Менің балам ақылды. Оның анасы мейірімді.
10.2		Жұрнақтар: -сыз/-сіз; -лық/-лік/-дық/-дік/ -тық/-тік; -ғы/-гі/-қы/-кі; -ғыш/-гіш/-қыш/-кіш;	Ақылсыз мейірімсіз мемлекеттік ұлттық жазғы бүгінгі құйғыш сүзгіш
10.3	Сын есімнің шырайлары	Жұрнақтар: -лау/-леу/ -дау/-деу/ -тау/-теу;	Бұрыш ащылау екен. Мына алма қызылдау. Жол ұзақтау болды.
10.4		-ырақ/-ірек/ -рақ/-рек;	Мына көйлек басқа көйлекке қарағанда <i>қысқарақ.</i> Менің сөмкем сенікінен <i>жеңілірек.</i>
10.5		-қылт/-ғылт; -қылтым/-ғылым; -шыл/-шіл; -қай;	Тамақ қышқылтым екен. Оған көкшіл киімдер жарасады. Қоңырқай түсті кілем іздеп жүрмін.
10.6		Асырмалы шырай өте, ең;	Арман – өте білімді оқушы. Гималай – ең биік тау.
10.7		Күшейтпелі шырай	Қып-қызыл жап-жасыл жап-жаңа <i>Ескерту:</i> аппақ, көкпеңбек
10.8		тым, аса;	Мына көйлек тым тар екен. Бұл зерттеудің маңызы аса зор.

10.9	Есім, етістіктерден сын есім жасау	Жұрнақтар: -шыл/-шіл; -дай/-дей/-тай/-тей; -лас/-лес/-дас/-дес/ -тас/-тес; -қой (ғой);	Тойшыл қауым, қош келдіңіздер! Ол баладай қуанып қалды. Жиналғандар мүдделес адамдар болғандықтан, мәселе тез шешілді. Самат әзілқой адам.
10.10		Жұрнақтар: -шаң/-шең; -қор; -малы/-мелі/-балы/ -белі/-палы/-пелі; -аған/-еген;	Мен сөзшең адамдарды ұнатпаймын. Жемқорлыққа, паракорлыққа қарсы жұмыс атқарылуда. Қазіргі өзгермелі заманда ешнәрсе жаңалық емес. Көршінің қабаған иті бар.
Сан есім			
11	Есептік сан есім	Дара сан есім күрделі сан есім	Сабақ сегізде басталады. Алаңда екі бала ойнап жүр. Мен он бір қарындаш алдым. Дәрісханада он бес студент отыр.
11.1	Реттік сан есім	Реттік сан есімнің жасалуы: -ыншы/-інші/-ншы/-нші;	Алтыншы қатарға отыр. Бірінші ойыншықты ал.
11.2	Жинақтық сан есім	Жұрнақтар: -ау/-еу; Жіктелу, септелу формалары	Біз жетеуіміз. Үшеуінің кітаптары ұқсас екен. Мұғалім екеуінен үй жұмысын сұрады.
11.3	Топтау сан есім	Жұрнақтар: -дан/-ден/-тан/-тен; -нан/-нен;	Екі-екіден отырыңдар. Алманы төрт-төрттен бөлейік.
11.4	Болжалдық сан есім	бір-екі, екі-үш, үш-төрт, төрт-бес, бес-алты, алты-жеті, жеті-сегіз;	Бөлмеде бір-екі үстел тұр. Аулада бес-алты бала ойнап жүр. Сенде үш-төрт парақ бар ма?
11.5		Жұрнақтар: -даған/-деген; көптік жалғау жатыс септігі	Алаңда мыңдаған адам жиналып тұр. Шамамен сағат бестерде кездесейік! Оның жасы шамамен жиырмаларда.

11.6		Бөлшектік сан есім	Торттың үштен бір бөлігін алып қойдық.
11.7		Мекенжай, көлік, құжат т.б. нөмірлерінің оқылуы, жазылуы мен айтылу ерекшеліктері	Ол 34-үй, 2-қабат, 46-пәтерде тұрады. №65 құжат бойынша жұмыстар атқарылды. 525 көлік кімдікі?
11.8		-дай жұрнағы арқылы мөлшерлік, болжамдық мағынаның берілуі	Мен оларды екі сағаттай күттім.
Есімдік			
12	Жіктеу есімдіктері	Жіктеу есімдіктерінің септелуі	Саған сыйлық беремін. Кітапты сенен аламыз. Бізде көлік бар. Олармен кеше сөйлестік.
12.1	Сілтеу есімдіктері	Алыс пен жақынды нұсқау: анау (ана); мынау (мына); бұл/ол/осы	Анау менің мектебім. Ана баланың аты кім? Мынау – балабақша. Мына сөмке кімдікі? Бұл – өте әдемі гүл. Ол кісі жұмыста жоқ. Осы тапсырманы орында.
12.2		Әне; міне; сол;	Әне, қонақтар келді. Міне, билетіңізді алыңыз. Маған сол кітап керек.
12.3	Сұрау есімдіктері	Кім? Кімдер? Не? Нелер? Қайда? Қашан? Қандай? Неге? Неше?	Бөлмеде кім бар? Дүкеннен не алдың? Бүгін қайда барасыз? Атам қашан келеді? Саған қандай кітап ұнайды? Гүлназ сабаққа неге келмеді? Сен неше жастасың?
12.4	Жалпылауыш есімдіктер	Барлық, бәрі;	Барлық бала сабақта отыр. Бәрі сізді сұрады.
12.5	Өздік есімдігі	Өздік есімдігінің түрленуі	Өзің біл. Сабақты өзім оқимын.

12.6		Өздік есімдігінің тәуелденуі Мен(ің) өзім Сен(ің) өзің Сіз(дің) өзіңіз Ол (оның) өзі Көпше түрі	Дүкенге мен өзім барамын. Үйге сен өзің қайт. Сіз өзіңіз айтыңыз. Ол өзі біледі. Үй тапсырмасын сендер өздерің орындайсындар. Мен (өзім) сатып алдым.
12.7		Өздік есімдігінің түсіріліп қолдану ерекшеліктері	
12.8	Болымсыздық есімдігі	Ешкім, ештеңе;	Ештеңе таппадым. Сабаққа ешкім келмеді.
12.9		Ешқашан;	Мен ешқашан піл көрген жоқпын.
12.10		Болымсыздық есімдігі + болымсыз етістіктің қолданысы	Ешкім ешқашан ұмытпайды.
12.11	Белгісіздік есімдігі	Бір, біреу, бірдеңе;	Үйге бір адам келді. Асанның қолында бірдеңе бар. Біреу есік қақты.
12.12		Кейбір, кейбіреу, біреулер; бірнеше; әрқашан;	Кейбір студенттер сабаққа кешікті. Менің бірнеше сұрағым бар. Атам әрқашан ерте тұрады.
Үстеу			
13	Үстеудің мағыналық топтары: Мезгіл үстеу	Бүгін, кеше, ертең, таңертең, түсте, кешке, қазір, күнде, ерте, кеш, өткен аптада/айда/жылда, әдетте;	Бүгін жаңбыр жауып тұр. Кеше мен концертке бардым. Ертең Сәуле жұмысқа барады. Сіздер күнде жаттығу жасайсыздар ма? Өткен аптада Мұрат ауылға барды. Әдетте біз таңғы асты бірге ішеміз.
13.1		Бүрсігүні, биыл, былтыр, алдыңгүні, бұрын, түнде, күндіз, кейде, үнемі;	Бүрсігүні той болады. Биыл Алма бірінші сыныпқа барады. Былыр біз Түркияда демалдық. Түнде суық болды. Анам үнемі бәліш пісіреді.

13.2	Мекен үстеу	Жоғары, төмен, алға, артқа;	Жеделсаты жоғары көтерілді. Абай көшесімен төмен жүресің. Алға жүр. Көлік артқа жүрді.
13.3	Мөлшер үстеу	Аз, көп, біраз, онша;	Оның ақшасы көп. Бүгін аз ұйықтадым. Қонаев көшесі біраз уақыт жабық болады. Ол қазақша жақсы білмейді.
13.4	Сын-қимыл үстеу	Әзер/әрең, тез, ақырын, қатты, ерекше;	Таңертең әрең ояндым. Көлік тез келді. Әжем баяу сөйлейді. Музыканың даусын ақырын қой. Көлік қатты жүреді екен. Мен анамды қатты жақсы көремін! Бүгін ерекше күн!
13.5		Ауызша, әрең, жылдам, аздап, басқа/ша, осылай, еркін, жалғыз;	Балалар жылдам келсін. Бүгін күн аздап салқын. Бөлмеде мен жалғыз отырмын.
13.6	Мақсат үстеу	Әдейі;	Қолшатырды әдейі алдым.
13.7		Қасақана;	Бұл әрекет қасақана жасалған.
13.8		Арнайы;	Әсем тойға арнайы Астанадан келді.
13.9	Себеп-салдар	Жай;	Жай сөйле.
13.10		Босқа;	Саябаққа босқа барыппын.
		Бекерге, амалсыздан, лажысыздан;	Біз амалсыздан оларға рұқсат бердік.
13.11	Туынды үстеудің жасалуы	-ша/-ше; -лай/-лей/-дай/-дей/ -тай/-тей; -шалық; -шама; -лап/-леп/-дап/-деп -тап/-теп; Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер	сонша ашуланатындай соншалық соншама дауыстап кенеттен, бірден, шетінен, басынан, ортасынан, аяғынан

Етістік			
14	Етістік	Дара етістік	Сара гүл терді.
		күрделі етістік	Арман балық аулап отыр.
14.1	Тұйық етістік	Етістіктің инфинитив тұлғасы -у жұрнағы арқылы жасалады	Далаға серуендеуге шықтық. Мектепте жақсы оқу керек.
14.2		Тұйық етістіктің есім сөздер орнына қолданылуы	Оқу инемен құдық қазғандай.
14.3	Болымсыздық мағына	-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе; емес;	Бүгін мектепке бармадым. Бұл балмұздақ емес.
14.4		Жұрнақтар: -ған/-ген/-қан/-кен + жоқ/емес;	Майра Астанаға барған жоқ. Ешқашан көрген емес.
14.5	Жедел өткен шақ	Жұрнақтар: -ды/-ді/-ты/-ті;	Мен келдім. Сен ән айттың. Ол кеше қаладан келді.
14.6		Көсемше жұрнақтары: -ып/-іп/-п;	Таңертең тұрып, жуынып, киініп, тамақ ішіп, сабаққа келдім.
14.7	Бұрынғы өткен шақ	Есімше жұрнақтары: -ған/-ген/-қан/-кен;	Мен Алматыға барғанмын. Ол бұл фильмді көрмеген.
14.8		Есімшенің -ған/-ген/-қан/-кен тұлғасы есімдер қызметін атқарады	Оқыған кітаптарыңды айтшы. Ән айтқан қыз өте сүйкімді екен.
14.9	Есімше тұлғалы етістіктің қолданылуы	Субъектінің қимыл белгісі, мақсаты, мезгілі, атауы болуы;	Ол бұл кітапты екі рет оқыған. Телефонда отырғанша, кітап оқысаңшы.
		Болымсыз етістік + с жұрнағының мезгілдік мәні	Енді бұл жерге екінші рет келмеспін.
14.10	Ауыспалы өткен шақ	Жұрнақтар: -атын/ -етін/-йтын/-йтін;	Астанада бұрын биік ғимараттар аз болатын. Самат мектепте сабақты жақсы оқитын.
14.11		Есімшенің -атын/ -етін/-итын/-итін тұлғасы есімдер қызметін атқарады	Жазда оқитын кітаптар тізімі бар ма? Астанадан келетін пойыз кешікті.

14.12		Көсемше формалы өткен шақ: -ып/-іп/-п;	Ол өткен аптада қалаға барыпты. Бұрын бір шал мен кемпір болыпты.
14.13	Ауыспалы осы шақ	Іс-әрекеттің дағдылы түрде қайталануы Жұрнақтары: -а/-е/-й;	Мен домбыра ойнаймын. Назым банкте жұмыс істейді. Мұрат сурет салмайды.
14.14		Іс-әрекеттің басталуы (белгісіз уақытта) мен жалғасуы: -уда формасы	Елге туристер көптеп келуде/келмеуде.
14.15		Іс-әрекеттің басталуы, жалғасуы: -ып жатыр; -ғалы жатыр; -айын деп жатыр; -а жатыр;	Жиналыс басталып/ басталғалы/ басталайын деп жатыр.
14.16	Нақ осы шақ	Дара түрі: қалып етістіктер (отыр, тұр, жүр, жатыр) Күрделі түрі: -ып/-іп/-п + отыр, тұр, жүр, жатыр;	Біз кітапханада отырмыз. Марат кезекте тұр. Жаңбыр жауып тұр. Інім кітап оқып отыр.
14.17		-а/-е + жатыр құрылымы бару, келу етістіктерімен ғана қолданылады	Сәуле мектепке бара жатыр. Ол ауылға келе жатыр ма?
14.18	Келер шақ	Іс-әрекеттің болашақта орындалуы Жұрнақтары: -а/-е/-й;	Мен ертең келемін. Айнұр келесі жылы жаңа мектепте оқиды.
14.19	Болжалды келер шақ	Есімше жұрнақтары: -ар/-ер/-р/ -атын/-етін/-йтін/ -йтін шығар	Мен келесі жылы Алматыға тағы келермін/ келетін шығармын.
14.20	Мақсатты келер шақ	Есімше жұрнақтары: -мақ/-мек/-бақ/-бек/ -пақ/-пек;	Келесі жылы оқуға түспекпін.
15	Етістіктің бұйрық райы	I -айын/-ейін/-йын/ -йін; -айық/-ейік/-йық/-йік; II -ыңыз/-іңіз/-ңыз/ -ңіз; III -сын/-сін;	Дүкенге мен барайын. Сағат екіде келейік. Кітапты алыңыз. Тақтаға жазыңыз. Ол сабаққа барсын.
15.1	Етістіктің қалау райы	Жұрнақтар: -ғы/-гі/ -қы/-кі + келу;	Алма жегім келеді. Сенің тауға шыққың келе ме?

15.2	Етістіктің шартты райы	Жұрнақтар: -са/-се;	Ертең күн жылы болса, тауға шығамыз.
16	Брықсыз етіс	Жұрнақтар: -ыл/-іл/-л/-ын/-ін/-н;	Тақтада мысалдар жазылып тұр. Бөлме жиналып тұр.
16.1	Өздік етіс	Жұрнақтар: -н/-ын/-ін/-л/-ыл/-іл;	Марат ерте тұрып, жуынып, киініп, тамақтанды.
16.2	Өзгелік етіс	Жұрнақтар: -т/-тыр/-тір/-дыр/-дір -ғыз/-гіз/-қыз/-кіз;	Тәрбиеші балаларды бір уақыт таза ауада ойнатады.
16.3	Ортақ етіс	Жұрнақтар: -с/-ыс/-іс;	Анар анасына үй жинасты.
16.4	де етістігінің қолданысы		Бұл жоба тиімді деп есептеймін/ есептедім/ есептейтінмін/ есептегенмін/ есептеппін/ есептемекпін.
16.5	Құрылымдық мағына	-уға бол -а алу -у керек/қажет ма+с бұрын -ып/-іп/-п және -а/-е/ -й + көмекші етістіктер +ғалы/-гелі/ -қалы/-келі + бері	Кешіріңіз, шығуға бола ма? Асанды телефонға шақыра аласыз ба? Мұны студенттер білу керек. Кітапты оқымас бұрын қарап шықтым. Ол оқи бастады. Жаз шыққалы бері ешқайда бармадым.
16.6	Әрекеттің басталу деңгейі: Сөйлеушінің еркімен және еркінсіз, түрткі арқылы іске асуы	Кенеттен іске асырылатын/ асырылған әрекеттер: -а/-е/-й + бастау, жөнелу, сал -ып/-іп/-п + қой, қал, сал -ғалы/-гелі/ -қалы/-келі + қалып етістіктер	Ол өз ойын айта бастады. Ол өз ойын айта жөнелді. Ол байқамай айтып қалды/салды. Мен үйден шыққалы жатырмын.
Одағай			
17	Одағайдың қолданылуы	Көңіл-күй одағайлары	Бәрекелді! Алақай! Ойбай!

17.1		Шақыру, жекіру, таңқалу, қолдау, ренжу, өкіну, растау одағайлары	Қап, ерте келу керек еді. Кә-кә! Тәйт, олай істеуге болмайды. Мә, керемет екен. Бәсе, солай болу керек. Қойшы, олай болмайды.
Еліктеу сөздер			
18	Еліктеу сөздер	Еліктеуіш, бейнелеуіш морфологиялық, синтаксистік қызметі	Далада бірнәрсе тарс ете қалды. Адамдар тарсылды естіп далаға шықты. Ол былқ-сылқ етіп қалды. Аспанда жұлдыздар жылт-жылт етеді. Біреу есікті тарс-түрс ұрды.
Шылау			
19	Септеулік	үшін, туралы, дейін, кейін, соң, бері, бұрын, бірге, сайын, арқылы, сияқты;	Мерекеге сен үшін келдім. Кино не туралы? Мектепке дейін автобуспен бардым. Сабақтан кейін Марат үйге қайтты. Киноға досыңмен бірге барасың ба? Болат апта сайын ата-әжесіне барады.
19.1		шейін, қарай, гөрі;	Беске шейін жұмыста боламын. Шәкәрім көшесімен төмен қарай жүр. Бүгін күн кешегіден гөрі жылы.
19.2		жөнінде, секілді, бойы, бойынша, шақты;	Бұл мәселе жөнінде көп зерттеу жасалды. Жаз бойы Алматыда тіл үйренемін.
19.3		жуық, таяу, тарта;	Жүзге тарта адам жиналып отыр.
19.4		кейін, соң, бері, бұрын;	Біз театрдан кейін дәмханаға бардық.
19.5		қатар, бірге;	Отбасыммен бірге Наурыз мерекесін тойладым.
19.6		шамалы;	Айдар сабаққа шамалы кешігіп келді.

19.7		қабат;	Қиындық қыспен қабат келді.
19.8	Жалғаулықтар Ыңғайластық	мен, бен, пен;	Анасы мен баласы саябақта серуендеп жүр.
19.9		да, де, та, те, әрі;	Думан бастыққа кірді де құжаттарға қол қойдырды. Алуа сабағын оқыды әрі үйде анасына көмектесті.
19.10	Қарсылықты	бірақ;	Бүгін күн бұлтты, бірақ жаңбыр жаумады.
19.11		алайда;	Үй тапсырмасы қиын, алайда мен орындауым қажет.
19.12		сонда да;	Оның алмаға бойы жетпей тұр, сонда да алуға тырысып жатыр.
19.13		әйткенмен;	Құжат дұрыс, әйткенмен қайта қарау керек.
19.14	Талғаулықты	немесе;	Демалыста біз тауға шығамыз немесе теңізге барамыз.
19.15		біресе;	Біресе жаңбыр жауды, біресе күн шықты.
19.16		не болмаса, болмаса;	Бүгін мен барамын, болмаса сен барып кел.
19.17	Кезектес	кейде;	Сен кейде жұмысқа кешігесің бе? Мен кейде кеш тұрамын.
19.18	Себеп-салдар	өйткені, себебі, сондықтан;	Балалар далаға шықпады, өйткені күн суық. Мен тапсырманы орындамадым, себебі қиын. Күн аяз, сондықтан оқушылар сабаққа бармады.
19.19		сол себепті;	Бүгін күн аяз, сол себепті сабақ болмады.
19.20	Шарттық	егер, онда;	Егер жаңбыр жауса, онда ешқайда бармаймыз.
19.21	Демеуліктер Сұраулық	ма, ме, ба, бе, па, пе, ше;	Бұл сіздің сөмкеңіз бе? Мынау ше? Осында қаласың ба? Сіздің атыңыз Әсел ме? Бүгін күн жылы ма?

19.22	Шектік (тежеу)	ғана, қана;	Менің бір ғана сұрағым бар. Тек қана қыздар жиналды.
19.23	Күшейтпелі	-ақ, да, де, та, те;	Менде қалам біреу-ақ.
19.24	Болымсыздық	түгіл, тұрсын, тұрмақ;	Әлеуметтік желіде жастар тұрмақ, үлкендер де көп отырады.
19.25	Нақтылау	қой, ғой;	Ертең театрға барамыз, білесіздер ғой.
Модаль сөздер			
20	Модаль сөздердің қолданылуы	Иә, жоқ, бар сөздерінің қолданылуы	Біздің үйде мысық жоқ.
20.1	Міндеттілік модальдық мағына	керек, қажет, тиіс;	Жаңбыр болса, қолшатыр алып шығу керек.
20.2	Хабардың ақиқаттылығын білдіру	екен;	Сәуледе ертегі кітаптар көп екен.
20.3	Айтылған ой жөніндегі нық сенімді білдіру	әрине, әлбетте, міндетті түрде	Әрине, міндетті түрде қатысамыз!
20.4	Болжалдық мәнді модаль сөздер	сияқты, шығар;	Мереке көңілді өтетін сияқты.
20.5	Айтылған нақты деректі нақтылау		«Досы көпті жау алмайды» деген нақыл бар.
20.6	Айтылған ойды өз тарапынан қостау		<i>Рас</i> , осы мәселе туралы айтқан.
20.7	Тілек, қалау мәнді білдіру		Осы мәселе туралы айтылса екен.
20.8	Күдік мәнді білдіру		Бұл туралы олар айтар ма екен, білмеймін.
20.9	Қысқарған сөздер	Күрделі атаулардың қысқару жолдары; қысқарған сөздерге қосымшалардың жалғану тәртібі	ҰБТ, ТМД, НУ, АҚШ, ҚазҰПУ Асан <i>ҰБТ-дан</i> төмен бал алды.
20.10	Біріккен, кіріккен сөздер	Біріккен, кіріккен сөздердің жасалуы	Бізге қолшатыр сатып алу керек. Олар қонақүйді екі күнге алды. Бүгін келесіздер ме?

20.11	Қос сөздер	Қайталама және қосарлама сөздердің жасалуы	Күн <i>бірте-бірте</i> ыси бастады. Олар <i>бес-алты</i> адам болып келді. Бұл үй <i>шап-шағын</i> екен.
20.12	Қаратпа сөздер	Адам есімдері арқылы берілуі, сөйлемдегі орны; одағайлар арқылы берілуі; туыстық атаулар арқылы берілуі; «кешіріңіз, мырза, ханым т.б» бейтарап сөздер арқылы берілуі;	Айдар, тесті жасадың ба? Тесті жасадың ба, Айдар? Әй, бері қарашы. Інішек, көмектесе аласың ба? Айдар мырза, сөйлесе аласыз ба?
20.13	Қыстырма сөздер	Сендіру, күмән келтіру, қорытынды жасау, санамалау, көңіл-күйге байланысты	әрине, әлбетте, рас, шынында, шынын айту керек, ... жағынан, біріншіден; бәсе, бақытымызға қарай, амал не, өкінішке қарай, сәті түсіп
Синтаксис			
21	Сөйлем	Жай сөйлем құрылысы	Арман тұрады. Арман қалада тұрады. Арман Астана қаласында тұрады. Арман ата-анасымен Астана қаласында тұрады.
21.1		Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі	Мен кеше театрға бардым. Мен театрға кеше бардым. Кеше театрға мен бардым.
21.2	Сөйлем түрлері	Хабарлы; лепті; бұйрықты; сұраулы шылаулар: ма, ме, ба, бе, па, пе, ше;	Құстар жылы жаққа ұшады. Бүгін күн тамаша! Балам, бері кел! Сен мектепке келдің бе? Ал сен ше?
Салалас құрмалас сөйлем құрылымы			
22	Ыңғайлас мәндегі құрмалас сөйлем	Шылау: және;	Мен гүлге су құйдым және анама көмектестім.
22.1	Себептес салалас құрмалас сөйлем	Шылаулар: сондықтан, сол себепті, өйткені;	Кеше қар көп жауды, сондықтан бүгін ағаштар аппақ болып тұр.

22.2	Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем	Шылаулар: бірақ, алайда, сонда да, солай болса да;	Қазақстанның жері үлкен, бірақ халқы аз.
22.3		дегенмен;	Күн суық, дегенмен жұмысқа бару керек.
22.4	Талғаулы салалас құрмалас сөйлем	Шылаулар: не, немесе, әлде, я;	Бүгін жаңбыр жауады немесе қар жауады.
22.5		не болмаса, болмаса;	Не ол келеді, не болмаса мен келемін.
Сабақтас құрмалас сөйлем құрылымы			
23	Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	-ған/-ген/-қан/-кен есімшеге -да/-де жатыс септігі жалғанып жасалған	Қазақстанға келгенде, қазақ тілін үйрене бастадым.
23.1		-ған/-ген/-қан/-кен есімшеге кезде, соң, сайын тіркесіп жасалған	Театрға барған кезде, билет сатып алдық.
23.2		-ған/-ген/-қан/-кен есімшеге -ға/-ге барыс септігі және дейін шылауы тіркесіп жасалған	Қазақстанға келгенге дейін, қазақша білмедім.
23.3		-ған/-ген/-қан/-кен есімшеге -ша/-ше жалғануы арқылы жасалынған	Тауға барғанша, ән айтып бардық.
23.4		-ған/-ген/-қан/-кен есімшеге -нан/-нен шығыс септігі жалғанып бері шылауы тіркесіп жасалған	Қазақ тілін үйренгеннен бері, достарыммен қазақша сөйлесіп жүрмін.
23.5	Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	-у үшін	Қазақша тез үйрену үшін, көп сөйлесу керек.
23.6		-айын/-ейін деп; -са/-се екен деп; -ші/-шы бол;	Ол қазақша үйренейін деп, курсқа жазылды. Баласы қазақша білсе екен деп, ата-анасы оны курсқа жазды. Ол тіл үйренбекші болып, курсқа жазылды.
23.7	Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	-ған/-ген/-қан/-кен тәуелденген есімшеге көмектес септігі жалғанып жасалған	Күндіз күн жылы болғанымен, кешке суып кетеді. Арман күндіз көп ойнаса да, шаршаған жоқ.
23.8		-а/-е/-й + тұра	Ол қазақша біле тұра, сөйлемеді.
23.9		есімше қарамастан	Ол қазақша білмейтініне қарамастан, сөйлеуге тырысады.

23.10	Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем		Бірлік болмаса, тірлік болмайды.
23.11	Себеп бағыныңқы сабақтас	-ғандықтан/-гендіктен; -ған соң; -ма+й; -айын/-ейін деп;	Нәтиже болмағандықтан, жұмысты басқа адамға бердік. Нәтиже болмаған соң, жұмысты өзім аяқтадым. Жұмыстан нәтиже болмай, ол бастықтан сөгіс естіді. Ол сөгіс естімейін деп, жұмысты уақытында аяқтады.
23.12		Көп бағыныңқылы сабақтас	Айдана кітабын оқып болып, сағатына қараса, сабаққа баратын уақыт болып қалған екен. Бүгін қар жауып, қатты аяз сынып, ауа райы жақсарған сияқты.
23.13		Аралас құрмалас сөйлем	Егер сен сабақты жақсы оқысаң, жолдастарың құрметтейді және ата-анаң да сен үшін риза болады. Қарлығаш бүгін сабақтан ерте келіп еді, бірақ үйге кіре алмай, әлі далада отыр.
Төл сөз бен төлеу сөз			
24	Төл сөздің жасалу жолдары	Тыныс белгісі	Сенбі күні театрға барамыз, – деді мұғалім. Мұғалім былай деді: – Сенбі күні театрға барамыз. Мұғалім: – Сенбі күні театрға барамыз, – деді.
24.1	Төлеу сөздің жасалу жолдары	-ған/-ген/-қан/-кен есімше формасы арқылы	Ол Америкадан келгенін айтты.

24.2		-атын/-етін/-йтын/-йтін есімше формасы арқылы	Қала әкімі халыққа қызмет көрсету жолдарын жақсартып жатқанын мәлімдеді. Теледидардан ертең күн ашық болатынын хабарлады.
24.3	<i>Екен көмекші етістігі арқылы</i>	Баяндауышы есім сөзден болған сөйлемдер	Құрбым сөмкенің әдемі екенін айтты. Үй иесі келген қонақтың танымал жазушы екенін айтты.
24.4		Модаль мәнді сөйлемдер	Жетекші мақаланы тезірек жариялау керек екенін айтты.
24.5		Сұрау есімдігі арқылы жасалған сөйлемдер	Мұғалім жазда қайда демалатынымды сұрады.
Мәтін			
25	Байланыстырушы құрылымдар	Қосымша ақпаратты нақтылауда; Уақытқа байланысты; Қарсы мәнді білдіруде; Себеп, салдар;	Сонымен қатар, жалпы айтқанда, нақты айтар болсам, негізінен, әрі қарай, басқаша айтар болсам, т.б. Қазіргі кезде, осы күнде, қазірде, бүгінде, бұрын, өткенде, мен жас (оқушы, т.б.) кезімде және басқа; Дегенмен, алайда, өкінішке қарай, қалай болғанда да, т.б. Сондықтан, өйткені, сол себепті, бұның себебі...
25.1	Мәтін түрлері	Сипаттау мәтіні	Белгілі бір объектіні, орынды немесе жағдайды сипаттайтын мәтін
25.2		Пайымдау мәтіні	Белгілі бір ақпаратты нақты деректер мен мысалдар арқылы дәлелдейтін мәтін

25.3		Нұсқаулық мәтін	Белгілі бір іс-әрекетті қалай орындау керектігін түсіндіретін мәтін
25.4		Ақпараттық мәтін	Белгілі бір тақырып туралы нақты ақпарат беретін мәтін
25.5		Әңгімелеу мәтіні	Белгілі бір объектіні, орынды немесе жағдайды сипаттайтын мәтін
25.6		Көркем мәтін	Оқырманға эстетикалық әсер етуге бағытталған мәтін
25.7		Талдамалық мәтін	Белгілі бір мәселені талдап, себеп-салдар байланысын анықтайтын мәтін
25.8	Стиль түрлері	Ресми (іскерлік) стиль	Іс-қағаздар, іскерлік хаттар, ресми құжаттар, заңдар, ресми баяндамалар, т.б.
25.9		Ғылыми стиль Ғылыми мәтін құрылымы	Ғылыми мақалалар, баяндама, диссертация, монография, тезис, аннотация және т.б. Кіріспе, негізгі бөлім: әдістер мен материалдар Нәтижелер мен талқылау, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі (IMRAD)
25.10		Көркем (әдеби) стиль	Көркем әдеби шығармалар: поэзия, проза, драма
25.11		Публицистикалық стиль	Газет-журналдар, теледидар және радио бағдарламалар, блогтар, БАҚ материалдары
25.12		Ауызекі сөйлеу стилі	Күнделікті тұрмыстағы диалогтар

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМЫ
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ (С1)

Авторлар: А.Қ. Балабеков, Н.Ж. Дәулеткереева, Л.М. Демесінова,
Ж.М. Искакова, А.М. Қалиева, Г.А. Мұсаева, Ж.Сүйінжанова

Сарапшылар: Н.Ж. Бекеева, Ғ.Қ. Резуанова



Пішімі 60x84_{1/8} Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 16.74

Таралымы 1000 дана.

Қазақ

ТІЛІНІҢ

ЛЕКСИКА-
ГРАММАТИКАЛЫҚ
МИНИМУМЫ

C1

ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ

